

## Мектеп формасы қалай өзгерді?



3

## Синонимнің атасы



4

## Тектілік немесе бір өкініш, бір өксік



6



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 14 қаңтар, 2023 жыл №5 (23 181)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

### ● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## Шашылған ырыс, ашынған кәсіпкер

28 желтоқсанда «Қарабас» станциясында жүк тасымалдау пойызының 19 вагоны рельстен шығып кетті. Құрбан болғандар жоқ. Бірақ шығын шаш-етектен. Мың тоннадан артық бидай далада шашылды. Келген шығын – 1 млрд. теңге. Тасымалдаудағы бар жауапкершілікті мойнына алған «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ вагондарда ақау болды десе, астық иелерінің де өз айтар уәждері бар. Бұл туралы Қазақстан кәсіпкерлер қауымдастығының облыстық филиалында өткен баспасөз мәслихатында айтылды.

Сағынш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



3-бет

### ● БІЛІМ

## «Болашақтан» орныңды ал!

«Болашақ» халықаралық стипендиясына құжат қабылдау басталды. Қабылдау төрт кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңі 27 қаңтарға дейін жалғасады. Ниетті жас 27 елдің 236 университетінің біріне түсе алады.

Биылғы 3 сәуір мен 28 сәуір аралығында екінші кезең өтсе, одан кейін 5 маусым мен 7 шілде аралығында және 17 шілде мен 15 қыркүйек аралығында жүргізіледі. Өтінімдер Egov.kz мемлекеттік қызметтер порталында қабылданады.

Биыл магистратура мен резидентураға – 395 стипендия, докторантураға – 50 стипендия, тағылымдамалардан өту үшін 110 стипендия бөлінді. Басым мамандықтар тізбесіне 262 мамандық кірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «инженерлік-техникалық мамандар» жеңілдік санаты бекітілді. Сонымен қатар, медициналық қызметкерлер үшін де жеңілдік енгізілді. Квоталық санаттардың тегін тілдік дайындықтан өту мүмкіндігі бар.

Қатысушылар оқу орнын стипендия тағайындалғаннан кейін бағдарлама ұсынылатын ЖОО тізімінен таңдай алады.

Өз тілшімізден

### ● ЗАҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

## «Масс-медиа» туралы бірер сөз

Мәжіліс және Сенат депутаттарының өзі танысуға аса «асықпаған» «Масс-медиа туралы» Заң жобасы шықты. Ашық ресурстарда жарияланғанына – аттай 8 күн. Интернет БАҚ өкілдеріне «Танысып үлгермегенін» жасырмай айтқан халық қалаулыларының жобаға әзірге «қызығуы» бәсең. Бірақ бір біліміміз – заңды талқылау, басқа-басқа, журналистикадан су ішіп, от оттан жүрген тілшілерді айналып өтпеуі тиіс. 1999 жылғы БАҚ туралы заңның заман талабы мен қазіргі ахуалға жауап беруге дәрмені аздығы бұған дейін де көп айтылған. Оның үстіне жан-жақтан ағылған тосқауылсыз ақпарат нөпірі іргені бекемдеу туралы ойланпай қоймайды. Сол себепті, ел ішін ала тайдай бүлдірмес үшін заңның жаңаруы күн тәртібіне шыққан. Өйткені, «Жау қайдан?» деуге келмейтін қазіргі уақытта ақпараттық қауіпсіздік те әскердей қажет. Оның маңызын ежіктеп жатудың өзі ерсі. Қазаннан қақпақ кетсе, басқалардан ұят кететіні белгілі. Сол секілді идеологиялық дербестік те осы қауіпсіздікке кіріптар. Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында БАҚ туралы заңды қайта қарауды тапсырғаны мәлім. Ал 24 жылдан соң қайта жанарған «Масс-медиа туралы» Заң жобасында не бар? Озығы қайсы, тозығы қайсы? «Жау кеткен соң қылышты тасқа шаппас» үшін пісіп-түспей тұрған заң жобасын бүгін жіліктен қарау қажет. Сонымен..

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллаж интернеттен алынды

Заң жобасының көлемінің өзі «бұл ән бұрынғыдан өзгере» деген тіркесті тілі ұшына үйіріп әкеледі. Бірақ мәселе көлемде емес. Сол көлемді көтеріп тұрған оның ішіндегі өзегінде. Заң жобасы 11 тарау 78 баптан тұрады. Бұрынғысында 7 тарау 25 бап еді.

Заң «Масс-медиа туралы» атанды. Сонымен қатар, 1-бап мұнда бұрынғы заңда болмаған көп-

теген ұғымдармен толықты. Атап айтқанда, балалар бағдарламасы, білім беру бағдарламасы, діни бағдарлама, желілік басылым, медиа өлшемдер және тағы басқалары. Бұлардың заңда аталып, оларға арнайы анықтама берілуі соңғы жиырма жылдан бергі БАҚ-тағы біраз өзгерістерді көрсетеді. Енді заңның жүрт аузында жүрген жаңалығына келейік.

3-бет

### ● ЖЕТІ ҚАЗЫНА

## Тоқ болса да, түлкі алған

Депутаттар тарапынан қызу талқыланып, ден қойылған мәселе – қазақы тазы мен төбеттің генофондының сақталуы. Ақыры жеті жерден жепеп, «қазақты» деген атпен демеп тұрған жеті қазынаға да көңіл бөлер күн келді-ау.

Кешегі Ақанның «Басараласының», Хан Кенені орнынан тұрғызардай құрметке ие болған «Көкдауыл» тазының құнына жеткен бар ма?! Жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында Шайбан шах (Әбілқайырдың) соңына ерген ала шалақ төбет ше? Қазаққа ғана тән қос жануардың бірі ат болса, екіншісі осы «қазынам» деп құрметтеген иті ғой қашаннан. Алты құрлыққа аты шығып, аңызға айналған, ашаршылықта ауылды асыраған, қансонарда қызығын көрсеткен де дәл осы қазақы ит. Қырғыздың «тайғаны», немістің «овчаркасы», ирландардың «волкодав» біреуінің тарихы тазыдан бағзы емес. Ендеше, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болып, «із-жолының құтымен» келген қазақы иттердің дамуына ден қойған құрылтайда бөлінді деген 1,4 млрд. теңге шашауы шықпай, өз мақсатына жұмсалмай деп тілейік!

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Президент тапсырмасы бойынша әзірленген заң жобасын депутат Әмірхан Рахымжанов таныстырып, осы мәселеден күпті болған көптің көңілін жайландырды.

«Қазақтың ит тұқымын сақтау және өсімін молайту бойынша Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мақұлданды. Бүгінде қазақы ит тұқымдарының генофондының нашарлау үрдісі ғана емес, еліміздің көптеген өңірінде толық жойылу қаупі бар. Сол мәселелерді шешу үшін заң жобасында қазақтың ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері белгіленеді. Нағыз қазақы ит тұқымдарын сақтау хам өсімін молайтуды көздейтін Ұлттық орталық құрылмқ, – деді депутат.

Әмірхан Мұратбекұлының

сөзінше, ол орталықтың қузыретіне мыналар кірмек: иттердің ұлттық тұқымдарының асыл тұқыммен жұмыс істеу бойынша сарапшылар мен мамандарды кинологиялық қызметке оқыту жөніндегі жүйелі жұмысты ұйымдастыру және жүргізу, асыл тұқымды иттерді іріктеу және таңдау, олардың жұмыс істеу қасиеттерін сақтай отырып, иттердің ұлттық тұқымдарын өсіру, кинологиялық қызметтің әртүрлі мәселелері бойынша уәкілетті органға – стандарттар, сынақтар, жарыстар, көрмелер, байқаулар, кешенді бағалау қағидалары, иттердің ұлттық тұқымдарының бірыңғай тұқым-тегі кітаптарын жүргізу, асыл тұқымды ит куәліктерін беру туралы ұсыныстар енгізу, түрлі дәрежедегі, оның ішінде халықаралық дәрежедегі сынақтарды, көрмелерді, байқауларды, жарыстарды ұйымдастыру және өткізу.

4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

●EUR/KZT 497.92

●USD/KZT 462.58

●RUB/KZT 6.83

●CNY/KZT 68.62

Қазақстан Ұлттық Банкінің 13 қаңтар, 2023 жылғы дерегі бойынша



## ● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Мыс шаһарының мүмкіндігі артады

Кеше облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Балқаш қаласына келіп, шаһардың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысты. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жүргізіліп жатқан құрылыс барысымен танысып, бірқатар нысандарын аралады. Белгілі болғандай, қала тіршілігі біраз өзгерістерге жол ашқан. Сапар барысында халықпен кездесу өткізген облыс әкімі Балқаш қаласы әкімі Қайрат Камзиннің есебін тыңдап, тұрғындарды сұрақтары бойынша жеке қабилды.



Нүрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## ЖАҢА НЫСАН – ЖАС СПОРТШЫЛАРҒА МҮМКІНДІК

Алдымен Балқаштың Қоңырат мөлтек ауданындағы заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысқан Ермағанбет Бөлекпаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өңірлерде осындай кешендердің салынып жатқандығын атап өтті. Спортпен айналысқысы келетін адамдарға толық жағдай жасау керектігін айтып, жас ұрпақтың дені сау, рухы биік болып өсуіне спорттық нысанның ықпалы зор екеніне тоқталды.

– Осы кешенде спортпен айналысатын жастар биіктерден көрінетініне, республикалық және халықаралық жарыстарда біздің облысымыздың намысын қорғап, абыройын асқататынына сенімдімін, – деп өңір басшысы балқаштықтарды спорт кешенінің ашылуымен құттықтады.

Екі қабатты ғимаратта ойын корты мен күрес және жаттығу залдары, ерлер мен әйелдер үшін жуынатын және киім ауыстыратын бөлмелері бар. Кешенде баскетбол, футбол, волейбол, бокс, кикбоксинг, дзюдо, еркін күрес және басқа да секциялар жұмыс істейтін болады. Штатта әзірге жаттықтырушы және медициналық қызметкер лауазымдары қарастырылған. Кешен барлық қажетті жабдықтармен қамтылған. Сергіту орны мен демалыс залы да тұрғындардың көңілінен шығып отыр.

– Осыған дейін дойбы ойынының ауесқойлары секцияға бару үшін Қоңырат шағын ауданынан қалаға баруға мәжбүр болатын. Енді, бізде заманауи спорт кешені ашылды. Бұл өте ыңғайлы. Спортпен айналысу үшін барлық жағдай жасалған, – дейді дойбы бойынша жаттықтырушы Гүлмира Смағасева. Осындай заманауи спорт ке-

шенінен әлемдік жарыстарда Олимпияндық бағындыратын спортшылар шығатындығына балқаштықтар сенім артты. Өз ризашылықтарын да жеткізді.

– Мұнда үлкен ұлымды алып келдім. Еркін немесе қазақ күресімен айналысатын болады. Кейінірек кіші балаларым да спортпен шұғылданбақшы. Өздері айналысқысы келетін адамдарға толық жағдай жасау керектігін айтып, жас ұрпақтың дені сау, рухы биік болып өсуіне спорттық нысанның ықпалы зор екеніне тоқталды.

Сонымен қатар, дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жастар мен еріктілер үшін коворкинг орталығы ұйымдастырылды.

## ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДА – ОРАСАН МҮМКІНДІКТЕР



Бұдан кейін облыс басшысы Балқаш қаласында ашылатын балаларға арналған жаңа оңалту орталығының жұмысымен танысты. Мұнда облыстың түпкір-түпкірінен келген мүмкіндігі шектеулі балаларға оңалту көмегі көрсетілетін болады. Айта кетейік, қалада қаңтар

айында мемлекеттік мамандандырылған орталық іске қосылады. Ол 1,5 жасан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді қабылдайды. Жаңа оңалту орталығының жұмысын саралаған Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев орталыққа жете назар аударылатындығын қадап айтты. Оңалту орталығын орналастыру үшін ғимарат табылып, қайта жаңғыртылған. Инженерлік коммуникациялар толығымен жаңартылған. Баспалдақтарға арнайы пандус орнатылған. Оңалту орталығы директорының міндетін атқарушы Дарын Әубәкіровтің мәлімдеуінше, қызметкерлер толық қамтылып, дәрігерлер мен мұғалімдер жұмысқа қабылданды. Оның ішінде, педиатр,

дыкталған көрінеді. Ыстық ванна мен тренажерлер, гальванизация және электрофорез, магнитотерапия және тағы басқа да аппараттар орнатылған. Жатын бөлмелерде функционалды кереуеттер қойылған. Пациенттерге күніне бес рет ыстық тамақ беріледі.

Орталық 50 орынға есептелген. Көрсеткіштер бойынша балалар алты айға дейін осында ем ала алады. Оңалту кешенінде медициналық, әлеуметтік және педагогикалық көмек көрсетіледі. Барлық қызметтер тегін жүргізіледі. Қазір aletmet.egov әлеуметтік қызметтер порталы арқылы алғашқы емделушілерді қабылдау жүріп жатыр.

## АШЫҚ ПІКІР АЛАҢЫНДА

Мағуния Хамзин атындағы мәдениет сарайында өткен халықпен кездесуде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев елдің әрбір өтініші мен ұсынысын мұқият тыңдап, барлық сұраққа жауап берді. Өтініштер хаттамаға енгізіліп, жұмыс жүргізілетінін айтты.

Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, жиын барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерді тыңдайды. Былтыр жергілікті халықтың облыс әкімімен кездесуінде 19 сұрақ пен ұсыныстар айтылған болатын. Оның 10 сұрағы шешімін тауып, 9 сұрақ бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Балқаш қаласының әкімі Қайрат Амангелдіұлы мәлімдеді.

– Мен жыл соңында өткен кездесуімде Сіздердің жолдаған 24 сұрақтарыңыз аясында шешімдер қабылдап, арнайы жоспар жасап, тиісті тапсырмалар бердім. Өткен жылы жолдар бойынша 4 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жасадық. Биыл 12 көшенің жолы және 2 түйік көшенің жолына асфальт төселеді. Атап айтқанда, 10 мың шаршы метр жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Былтыр қаладағы аулалар бойынша 8 аула абаттандырылды. Осы жылы 27 ауланы жөндеуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қоса, өткен жылы 3 көпқабатты үйдің сырты жөнделіп, шатырлары ауыстырылды. Ал, биыл 38 тұрғын үйдің сырты мен шатырын жөндеуге бел буып отырмыз, – деді қала әкімі Қайрат Камзин.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан жылу жүйесі мен ауыз су жүйесін тарту, автобустың тартулығы, көл суының тартылуы, экология мен саяжайлардың жағдайы, инфрақұрылым және өзге де мәселелер бойынша сұрақтарын қойды.

Облыс басшысы 10 мың тұрғынның өтініші бойынша Балқаш қаласының Жұмысшылар қонысы мен 64 орамға қатысты жоба қабылданып, экспертиза жасалып жатқандығын сөз етті. Ол үшін 11 миллиард теңге қаржы қарастырылмақ. Ал, Балқаш қаласына жаңа автобустар жүргізу үшін жауапты компаниямен келісім-шарт жасалғандығын атады. Алты ай көлемінде балқаштықтарды жаңа автобустар тасымалдайтын болады. Сонымен қатар, Балқашты дамытуға ерекше көңіл бөлінгенін және бұл жұмыстардың әрі қарай жаңа қарқынмен жалғасатынын жеткізді. Мемлекеттік бағдарламаларды нәтижелі жүзеге асыру және қаланың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша қала әкіміне нақты тапсырмалар жүктеді. Жиын соңында облыс әкімі жеке адамдарды сұрақтары бойынша қабылдады.

## БАЛҚАШ

Суреттерді түсірген  
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

## ● МОНОҚАЛА ӨМІРІНЕН

# Электронды карта сатылымға шықты

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің 10 қаңтардағы №3 санында «Электронды төлемнің пайдасын ел көреді» деген тақырыпта серіктес қалалар тұрғындары үшін жол жүру құнының арзандайтынын хабарлаған болатынбыз.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімдігінің шешімі бойынша электрондық қамтамасыз ету жүйесі қала маңындағы жеті маршрутқа іске қосылатын болады. Олар – №№ 100, 107, 121, 122, 127, 146 және 165. Бұл жол жүру құнын қолма-қол төлемге қарағанда екі есеге жуық төмендетеді. Енді ONAY! карталарын сату нүктелері Абай мен Ақтас, Саран және Топар, Теміртау және Шахтинск кенттерінде ашылды. Компания сату нүктелерінің мекенжайларын хабарлады.

7-15 жастағы балалар карталарын ONAY! қызмет көрсету орталығында жасауға болады. Мекенжайы: Қарағанды, Коммуналдық көшесі, 3. Операторлар дүйсенбі-

ден жұмаға дейін 9:00-ден 18:00-ге дейін түскі үзіліссіз жұмыс істейді.

Бұрын Қарағанды-Шахтинск автобустарында жол жүру құны –190, Қарағанды-Топар – 180, Қарағанды-Теміртау – 150, Қарағанды-Саран – 95, Қарағанды-Абай – 170, Қарағанды-Шахан – 175 теңге болатын. Бірақ, жол ақысын қолма-қол төлейтіндер үшін баға өзгеріссіз қалады.

Облыстық маршруттарда жеңілдіктер қолданылмайды. «Әлеуметтік» және «Зейнеткер» карталарының иелері үшін жол жүру жалпы тариф бойынша – 80 теңге болады.

## Серіктес қалаларда ONAY! карталарын сату нүктелері

АБАЙ
Төмендегі мекен-жайлар бойынша орналасқан «Сарыарқа нан» павильондары:
- Абай көшесі, 46/1 ғимарат
- 2 шағын ауданы, 4/1 ғимарат
АҚТАС
Кржижановский көшесі, 25 б мекенжайындағы «Сарыарқа нан» павильоны
САРАН
Жәкенов көшесі, 18-ғимарат («Сарыарқа нан» павильоны)
«гастроном» дүкені
«Оптимальный» супермаркеті, кеңсе тауарларын сату бөлімі
ТОПАР
Жастар бульварындағы «Сарыарқа нан» павильоны, 8а ғимараты
ТЕМІРТАУ
«Сарыарқа нан» павильондары:
70-квартал, 21в үй
8 шағын ауданы, 132б ғимараты
«Есдәулет» СУ жанында, Абай көшесі, 70А
«Магнат» СУ жанында, Момышұлы даңғылы, 56/5
«Экран» СУ ғимараты, Момышұлы даңғылы, 63
«Гвоздика» кулапасы, 7 шағын ауданы, 31/1 үй
ШАХТИНСК
Қазақстан көшесі, 121 мекенжайында орналасқан «Сарыарқа нан» павильоны

## ● КӘСІП

# Әйел кәсіпкерлігінің әлеуеті зор

Өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанындағы Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының көмегімен өткен жылы мыңнан астам әйел өз ісін бастауға және бизнесін кеңейтуге мүмкіндік алған.

Салтанат ЛИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

2022 жылы орталыққа жүгінген 800-ге жуық кәсіпкер қажетті кеңес алды. Ал, тілек білдіргендер оқудан өтті. Одан бөлек, мамандар деген дерек келтіреді. Алдыңғы аптада КВИ 57 адамнан анықталса, осы аптада 73 адам тіркелді.

Сондай-ақ, 300-ден астам әйел офлайн форматта оқу курстарынан өткенін айту керек. Тағы 100 адам бизнес құзыреттілігін және жеке өсуін дамыту үшін онлайн-тренингтерге қатысты. Бағыттар да әртүрлі. Мысалы, тігін өндірісі, киім дизайны, СММ жылжыту, кооперация, салық және бухгалтерлік есеп, ментальды арифметика, бизнесті жүргізудің құқықтық

аспектілері бойынша оқығандар әрі қарай өз кәсібін жүргізуде тиісті бағыт-бағдар алды.

Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының кеңесшісі Арайлым Серікбай 10 компания EFQM халықаралық моделі бойынша бизнес-стратегияны дамыту әлеуетін анықтау үшін бағалау жүргізгенін айтады.

Еске сала кетейік, ӨКП жанындағы Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы 2022 жылдың наурызында ашылған әрі тегін қызмет көрсетеді. Биыл да әйелдер кәсіпкерлігін қолдау жұмыстары жалғасады.


## ● COVID-19

ХВВ.1.5. немесе «Кракен» деп отырғанымыз – әлемді әбгерге салып жатқан «микронның» жаңа штамы. Денсаулық сақтау министрлігі осылай деп мәлімдеп отыр. Қазір ел аумағында «жүрген» 100 пайыз омикрон болғанымен, оның жаңа штамы бізге жеткен жоқ.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпаратына сәйкес, ХВВ нұсқасы өткен жылдың қазан айынан бастап әлемнің 38 елінде анықталған. Ең көп АҚШ-та тіркелген. Үш күн бұрын Ресейде алғашқы жағдайы тіркелді. «Кракеннің» клиникалық

# «Кракен» Қазақстанда жоқ



ауырлығы мен эпидемиологиялық ерекшелігі әлі де зерттеліп жатыр. Дегенмен, сарапшылардың пікірі коронавирустың бұл нұсқасы да өлім-жітімге себеп болмай, жеңіл өтеді дегенге саяды. Бірақ, оның бұрынғы нұсқаларға қарағанда жұқпалы әрі тез тарайтындығы туралы дерек келтіріледі.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, елде коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Күн сайын коронавирустың жұқтырған 200-ге жуық адам тіркеледі. Соңғы аптада республикада сырқаттанушылық 4%-ға, 1135-тен

1089-ға дейін төмендеген. Алайда, облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті өңірде осы аптада коронавируспен ауырғандар қатары 28,1%-ға көбейген деген дерек келтіреді. Алдыңғы аптада КВИ 57 адамнан анықталса, осы аптада 73 адам тіркелді.

Облыста жыл басынан бері 12 қаңтарға дейін коронавирус 100 адамнан анықталды. Оның ішінде 93 жағдайда адамда ауру белгісі байқалған, қалған жетеуінде ауру белгілері байқалмаған. Пандемия басталғаннан бері ұзын-

ыргасы 163 190 адамның COVID-19-бен ауырғаны белгілі. Облыс, тұтас республика қазір «жасыл» аймақта. 12 қаңтарда ел бойынша тіркелген 112 адамның бесеуі – Қарағанды облысының тұрғындары. Денсаулық сақтау министрлігінің кешегі күнгі дерегі бойынша 2 315 адам коронавирустан ем алуға. Оның көбісі амбулаторлық жағдайда болса, стационарда 225 адам жатыр. Ауыр халде тоғыз адам, аса ауыр жағдайда бес адам бар. Үш адам өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Министрлік уақытылы вакцинация мен ревакцинациядан өтуге, халық көп жиналатын жерлерде маска тағуға, адамдар көп жиналатын орындарға баруды шектеуге кеңес береді. Облыс көлемінде медициналық ұйымдарда маска тағу міндетті. Көпшілік орындарда беттерде кию ұсынылады.

## ӨЗЕКТИ

## Мектеп формасы қалай өзгерді?

Оқу-ағарту министрлігі 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарының мектеп формасына қойылатын талаптарға өзгеріс енгізді. 2022 жылдың 30 желтоқсанында қайта бекітілген бұйрық биыл 10 қаңтардан бастап қолданысқа енді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектеп формасының ролі орасан: әлеуметтік теңсіздікті жойып, тәртіпке шақырады, колжетімділігі тағы бар. Бүгінде министрлік міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сай түзетулерді «Ашық НҚА» порталында жариялап, талқылауға ұсынды. Нәтижесінде ата-аналардың қалауымен форма талабына бірқатар толықтырулар енгізіліп, бұйрық қабылданды.

Оқушылардың қазіргі киім үлгісі пиджак, желет, шалбар, белдемше және жейдеден тұрады. Атап айтқанда, оқушылар пиджак пен жакетті тоқылған күртеше/кардиганға (түймелері немесе сырдырмасы бар), күнделікті киетін жейдені поло жейделерге ауыстыра алады. Алайда, киімнің түсі, стилі және басқа да тұстары мектеп өкімшілігімен келісілуі шарт.

Айта кететін жайт, мектеп формасына қойылатын талаптар өзгерген жоқ. Тек тізімі толықтырылды және оқушыларға таңдау мүмкіндігі берілді.

Бұған дейін ата-аналар бұл мүмкіндіктің балалар үшін ыңғайлы екенін айтып, қарастыруды сұраған болатын. Сабақ кезінде ресми костюм кию балалардың барлығына бірдей ыңғайлы емес. Сол себепті, балама ретінде ыңғайлырақ киіммен келуге рұқсат беру ұсынылды. Шешімді мектеп өкімшілігі, қамқоршылық кеңесі және мектептің өзін-өзі басқару кеңесі қабылдайды. Бұл толықтырулар келесі жылы мектептерде шешім қабылдауға жеткілікті уақыт болуы үшін алдын ала басталып отыр. Бірақ, бұл мектептер бекітілген талаптарды міндетті түрде қайта қарауы керек дегенді білдірмейді. Бұл қажет болған жағдайда пайдалануға болатын қосымша мүмкіндік пен нұсқа ғана», – деген болатын ҚР оқу-ағарту министрлігі орта білім



комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова.

Ата-аналар мектеп формасын таңдауы түскен өндірісінен саатып ала алады.

Қыз балалардың және ұл балалардың мектеп формасы элементтеріне түймелері бар тоқылған жемпір/кардиган, поло жейде немесе футболка киюге рұқсат беріледі. Ұлдарға арналған мектеп формасына пиджак, желет, шалбар, көйлек, күнделікті жейде немесе түймелері бар тоқылған кардиган, поло жейде немесе футболка кіреді. Талап бойынша ер балаларға және қыз балаларға арналған шалбардың балағы ұзын және аяқтың тобығын жауып тұруы тиіс.

Ал, «ұлдарға ақ көйлек, қыздарға ақ блузка» деп қойылатын талап алынып тасталды. Галстук енді міндетті элемент емес. Мектеп формасына ерекше белгілерді (эмблема, басқа да орта білім беру ұйымдарының белгісі) тағуға және орналастыруға рұқсат етіледі.

Айта кетерлігі, форма матасына сапасыз жақсартылған, төзімділігі жоғары, бактерияға

қарсы, микробқа қарсы және антистатикалық қасиеттері бар жартылай жүн мен макта маталарды қолданған жөн.

Мектеп формасы мәселелерін талқылауға ата-аналар мен басқа

тепке жана келген оқушылардың ата-аналарына соны көрсетеміз. Олар балаларына сол үлгі бойынша мектеп формасын сатып алып береді», – дейді Қымбат Оспанова.

Ал, мектеп формасына енгізілген толықтыруларға көңілі толанынын айтқан ата-ана Салтанат Рахатқызы:

– Мектепте оқитын ұлдарым мен қызым бар. Оқу жылының басында дүкендерден сатып алып береміз. Мектеп формасына енгізілген өзгерістер көңілге қонды. Балаларым қара көк түсті костюм-белдемше-шалбар кигеніне еш қарсылығым жоқ. Дегенмен, жылы кардиган киюге рұқсат бергендігі дұрыс болды. Себебі, барлық мектептер бірдей жылы деп айта алмаймын. Қандай киім үлгісі болса да, мектеп тәртібі мен оқушы ережесіне сай болуы керек, – дейді.

Оқу жылының ортасына да келіп қалды. Балаларға келгенде мұздай қатқан тоң да жібиді. Бұрын-соңды оқушылардың мектеп формасы осында талқыланып, өзгеріске ұшырай қоймады. Ал, қазір олардың киім үлгісі заман талабына сай лайықталуда. Шынымен, мектеп формасына енгізілген өзгерістер – бала үшін жасалған оң дүние.

## МӘСЕЛЕ

## Шашылған ырыс, ашынған кәсіпкер

(Соңы. Басы 1-бетте)

Филиал төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты, «Ақ жол» Қазақстан-демократиялық партиясы облыстық филиалының төрағасы Ермек Әбілдин оқыс оқиғаның барысы туралы егжей-тегжейлі баяндады.

Ол апат болған сәттен 8 тәулік және 3 жұмыс күні өтсе де, арнайы комиссияның құрылмағанын, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы №604 бұйрығымен бекітілген теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларының 2 тарауындағы 6-тармақтың бұзылғандығын жеткізді. Яғни, апаттың себебін анықтайтын

Өзбекстанға бидайды осылай тасымалдаймыз. Бұл – бірінші рет кездесіп отырған жағдай. Жүк пойызы жолға шығарда жауапты мамандар барлық тексеру жұмыстарын жүргізеді. Содан кейін барып қана жүк жолға шығады. Неге сол кезде бұл ақау анықталмаған? Вагондар – жаңа. Ресейден сатып алғанбыз. Біз жоғарыдағы мәлімдемені естісімен, вагон шығарушы зауыттан арнайы маманды да алдырдық. Сол кезде вагоннан ешқандай ақау анықталмады. Осындай жайттарды ескере отырып, ешқандай комиссияның анықтау, тексеру шараларынсыз-ақ ҚТЖ-ның алдын ала таратқан мәлімдемесі күдік тудыруда, – дейді Серік Қожахметов.

3-класты бидайдың, іске жарамсыз болған вагондардың, дитеген жерге жетпеген тауардың да арнайы төленетін өз сомасы



комиссия 10 күннен кейін ғана құрылған. Жол қозғалысы қауіпсіздігінің ескерілмеуі, әрі апаттық жағдайды анықтауда комиссияның дер кезінде құрылмауы өрескел заңбұзушылықтар болып табылатындығын, бастысы вагондар мен астық иелерінің конституциялық құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғандығын тілге тиек етті.

Бұл вагондар астығымен бірге «Новошип» астық компаниясына тиесілі. Баспасөз мәслихатына аталмыш компанияға тиесілі «Сұлтан-Логистик» серіктестігінің өкілі, вагон иесі Серік Қожахметов қатысты. Апат болған уақытта «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметі «...Алдын ала мәліметтер бойынша, вагондардың жолдан шығып кетуі жеке меншік иесіне тиесілі бірінші астық тасымалдаушы вагонның доңғалақ жұбының кептелісіне байланысты болды. Орын алған жағдайды тексеру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да арнайы комиссия құрылды», – деген ақпарат таратты. Осы орайда, учаскедегі пойыздар қозғалысы көрші жолмен ұйымдастырылғандығы, «Қарағанды-Құлайғыр» бағытындағы екі жолаушылар пойызының кешіккендігі туралы ақпарат таратылған болатын. Алайда, вагон иелері мұндай «алдын ала мәліметтермен» келіспейтіндігін жеткізуде.

– Мен жағдайды естісімен оқиға орнына бірден жеттім. Енді, ол жердегі жағдайды айту үшін өзі ауыр. Шашылған бидай, аударылған вагондар, істен шыққан рельстер. Сол жерде ҚТЖ жұмыскерлері болуы керек, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатты. Бидайды қапқа салып, жинап жатыр екен. Апат себебін «вагон дөңгелектері жұбының кептелісі» деп түсіндірді. Бірақ, оқиға орнынан дәнекерленген рельсті байқап қалдым. Біз бірнеше жылдан бері

тағы бар. Бұл шығындардың өтеуі қалай болмақ? Жүк тасымалдау үшін ҚТЖ-ға да қаражат төленгендігі тағы бар. Осындай жайттарды ескере отырып, вагон мен бидайдың меншік иелері, кәсіпкерлер тергеу-тексеру жұмыстарына күмәнмен қарайды. Сол себепті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Асылқовқа «Ақ жол» демократиялық партиясы мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлік Өмірғали кәсіпкерлердің жанайқайын жеткізе отырып, нақты дерек-дәйектермен «Депутаттық сұрау салу жобасын» жолдады. Мәтінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы жиынның алғашқы сағаттарында – вагондардың иесін кінәлау туралы шешім шығарып, бұқаралық ақпарат құралдарында ештеңемен расталмаған жалған анықтамасы бергені айтылады. Аталған вагондарды ресімдеу кезінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ – тасымалдаушы жүк тиеген вагондарды қандай да бір шағымсыз (коммерциялық және техникалық жай-күйі бойынша жарамды түрде) және вагондардың жүк көтергіштігі шегінде тасымалдауға қалып қабылдағанын атап өту қажет. Бұл ретте вагондар іс жүзінде жаңа, дайындалушы зауыттың кепілдігінде, вагондардың жүрісі алғашқы депо жөндеуіне жеткен жоқ (3 жыл өткеннен кейін басталады). 2-3 сағат ішінде арнайы тергеуді қалай жүргізуге болатындығы және кінәлі тарапты қалай анықтауға болатындығы туралы ақылға қонымды сұрақ туындайды. Ал, апат болған жерге тараптардың уәкілетті өкілдері әлі келмеген кезде тергеу жөніндегі комиссия құрылмаған-ды. Осы орайда, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне күмән келтіруге болады. Демек, біржақтылыққа, атап айтқанда, вагондардың апатқа түсуінің нақты себептерін жасырауға болады» деп жазылған депутат сауалында. Кәсіпкерлердің «арнайы құрылған комиссия объективті жұмыс жүргізсе» деген талабы бар.

## «Масс-медиа» туралы бірер сөз

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұған дейін, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі хабарлағандай, заң журналистердің мәртебесін көтеруді, бұқаралық коммуникация құралдарының мәртебесін айқындауды, мемлекеттік қаржыландыруды реформалауды, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтыған. Сондай-ақ, БАҚ тіркеу тәртібі, телерадио хабарларын тарату саласындағы трендтердің өзгеруі, өзін-өзі реттеу институттарын дамыту да заңда жазылған.

78 баптың әрқайсысын талдап отыру шағын мақалада мүмкін емес. Дегенмен, жаңа заңда жаңалық жоқ деуге де келмейді. Баптың көптігі оның арқалаған жүгінің де салмақты екенін көрсетсе керек.

«Жаңа заңда сөз бостандығы, пікір плюрализмі мен мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен өнегесін қалыптастыруға бағытталған қажетті шектеулер арасындағы тепе-теңдікті белгілейтін түбегейлі жаңа схеманы бекіту ұсынылады. Осы орайда, негізгі реформалар журналистердің құқықтық мәртебесін арттыруға және олар үшін құқықтық кепілдіктерді күшейтуге бағытталады. Жаңа заңның негізінде перспективалы және бәсекеге қабілетті жобаларды нақты гранттық қаржыландыру арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктерін реформалауға сапалы жаңа көзқарас қалыптастыру көзделді. Сондай-ақ,

саланы қолдау шаралары ретінде субсидиялар бөлу жоспарланып отыр. Жаңа заңнама шеңберінде бастамашылық етілетін барлық шаралар саланың қазіргі проблемаларын шешуге, мемлекет-БАҚ-қоғамның өзара іс-қимылының сапалы жаңа форматын құруға, сондай-ақ, бәсекеге қабілетті отандық БАҚ-ты қалыптастыруға ықпал етуге арналған. «Масс-медиа туралы» Заңның негізгі мақсаты – қазақстандық БАҚ-тың Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан процестерге өзіндік көзқарасы бар «Әділетті Қазақстан» идеясының негізгі мақсатын толық көлемде көрсетуі тиіс» делінген заң тұжырымдамасында.

Тұжырымдама бүгінгі таңда журналистердің құқықтарын сақталуы мониторингілеу мен талдаудың заңды тұрғыда бекітілген тетіктері жоктығын айтады. Осыған байланысты журналистердің құқықтары мен бостандықтары туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндаманы дайындау нысанында журналистердің құқықтарының сақталуын мониторингтеу және талдау құралдарын енгізу ұсынылған.

Біздің қарапайым назарымызды аударған «33-бап. Баспасөз картасы». Заң бойынша баспасөз картасын алу үшін журналисте бірнеше талаптар қойылады. Біріншіден, журналист мамандығымен жоғары білімі туралы дипломы, бұқаралық ақпарат құралдары саласында кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы шарт. Екіншіден, журналист дипломы болмаған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдарында

кемінде 5 жыл жұмыс істеуі тиіс. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарымен еңбек шарт міндетті. Оған қоса, соттылықтан да ада болуы қажет.

Заң бойынша баспасөз картасын жекелеген журналисте беріледі. Оны үшінші тұлғаға беру заңмен шектеледі және бір жылға беріледі. Баспасөз картасын алған журналистер мәліметтері уәкілетті орган тізіліміне енгізіліп, оның интернет-ресурсында орналастырылады екен. Яғни, біздің түсінімімізше, журналистің барлық дерегі құзырлы орындар базасында тіркеледі. Мұның қандай артықшылығы бар?

Бұл туралы тұжырымдама былай дейді: «Баспасөз картасын беру арқылы журналист мәртебесін көтерген кейбір ЕО елдерінің, Түркияның тәжірибесін ескере отырып, жаңа заңда құқықтар мен артықшылықтардың кеңейтілген спектрін ұсыну арқылы журналистер мәртебесін көтеру жөніндегі новеллалар кешенін пайдалану ұсынылады. Бұл неғұрлым ашық және ақпараттық диалогқа көшу арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл форматын өзгертуге мүмкіндік береді. Ұсынылған барлық жаңа бастамалар сөз бостандығы, кепілдігі, объективтілік, заңдылық, сенімділік және ашықтық сияқты бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің негізгі принциптерімен байланысты болады, сондай-ақ, журналистердің мәртебесін көтеруге ықпал ететін журналистердің айрықша құқықтарының кешенін

қалыптастырады».

Баспасөз картасы бар журналист мемлекеттік органдар, барлық меншік нысанындағы ұйымдар ұйымдастыратын ашық шараларға қатысу құқына ие болады. Тілшілердің құқы, арнамысын қорғауда 74-бапта көрсетілген «Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің мәселелері жөніндегі республикалық және өңірлік қоғамдық-кәсіптік кеңестер» – отандық журналистикада бұрын болмаған жаңалық.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестердің негізгі функциялары не? Аталған кеңес журналистің арнамысын, кадр-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы өтініштерді қарайды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары мен аудитория арасында жанжалдарды шешеді. Журналистердің осы секілді кәсіби қызметімен тікелей байланысты бірқатар жауапкершіліктерді мойнына алатын кеңес кейде қоғамнан қағажу көретін тілшілердің мұнын мұндамақ. Ал, мұндай кеңестер республикалық және өңірлік деңгейде де ұйымдастырылуы мүмкін. Оның құрамы кәсіби тілшілерден жасқалады.

Жаңа заң жобасындағы біздің назарды аударған бірқатар басымдықтар – осылар. Дегенмен, жаңа жоба мұнымен шектелмейді. Оны алдағы уақытта әлі де сарапшылар тарапынан сарапқа салған жөн.



• ӘСЕТ БОЛҒАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ

# Синонимнің атасы

«Актоғай» дегенде тілімізге алдымен Әлихан, Әлімхан, Жақып сынды Алаш арыстары оралады. Ал, осы киелі топырақта Әсет Болғанбаевтай сұңғыла ғалымның дүниеге келгені бірі білсе, бірі білмейді. Ахмет Байтұрсынұов негізін қалаған қазақ тіл білімі сан тараулы әрі сан салалы. Қазақ – табиғатынан сөздің киесін түсініп, астарын ұққан халық. Сондықтан да, қазақ тілінде бір мағыналы сөздің көптеген атауы бар. Биыл туғанына 95 жыл толып отырған Әсет Болғанбайұлы саналы ғұмырын осы тіл білімі саласына, оның ішінде, синонимдерді зерттеуге арнаған біртуар ғалым. Оның монографиялары мен кітаптары, жасаған сөздіктері бүгінде елдің, әсіресе, осы бағытта білім алатын жастардың арқа сүйейтін, сенімді серігіне айналған. Шынында, қазір қолданып жүрген синоним сөздер Әсет Болғанбайұлының зерттеп, жинақтауымен бізге жетіп отыр...



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Синонимдер – стильдік ерекшеліктеріне байланысты жаңа сөз тудыруда, ойды құлпытқа жеткізуде нем шығарма тілін айшықтауда аса маңызды тілдік құрал. Осындай күрделі сөз саласын жүйелі зерттеу, күрмеуін тарқатып, сөздік етіп жинақтау қиынның қиыны. Әсет Болғанбаев синонимдерге өмірін арнаған. Көзқорғандардың айтуынша, өте қарапайым әрі адамгершілігі жоғары болған. Артық дүние жинамай, өмірінің соңына дейін қазақ тілінің сан қыры мен көп мағынасына тамсанып, таңғалып өтіпті. Туған тіліне, еліне, ғылымға деген шексіз іңкерлік бүл.

Синонимдердің зерттелуі құрылымдық лингвистика ережесіне сәйкес, синонимдердің сөз табына қатысына байланысты зерттеулерден басталған. Алғаш Әсет Болғанбаев зат есім синонимдерін зерттеп, 1965 жылы кандидаттық диссертация қорғайды. Осы бағыт әрі қарай жалғасып, етістік синонимдер (М.Серғалиев, А.Османова), сын есім синонимдер (Ф.Оразбаева), фразеологизмдер синонимиясын (Г.Смағұлова) арнайы зерттеген. Яғни, барлығына кейіпкерімиздің зерттеуінен кейін жол ашылған.

Көшеде қазақша сөйлескен кінәлі болатын заманда, ұлттық тілдің қолданысы мен мәртебесі құлдырай бастаған Кеңестік кезеңде тіліміздің «нәрін» зерттеп, қазақтың сөздік қорының байлығын дәлелдейтін қазақ тіліндегі сөздің көркемдігін таңытатын мағыналас сөздерді жинап, «Синонимдер сөздігін» жасау – ерлік-

ке тең.

Ғылыми-шығармашылық еңбек жолына назар салсақ, үнемі қазақ сөзінің мән-мағынасын ашып, сөздікке тіркеп, болашаққа төл сөздің құндылығын мұра етуді көздегенін аңғарамыз. Қазақ тіл білімінің лексикография саласын қалыптастырып, дамытуы сөзімізге дәлел. «Абай тілі сөздігі» (1968), он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1974-1984 ж.ж.) еңбектеріндегі ғалымның белсенді автор және құрастырушы ретінде қосқан өзіндік үлесі бар.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әсет Болғанбайұлы 1928 жылдың 8 наурызында Ақтоғай ауданының Қарамеңде би ауылында дүниеге келген. Қара қылды қыпжарып, әділдігімен, айтқыштығымен аңызға айналған Қарамеңде бидің сөздерін жастайынан жаттап, бойына сіңіріп өскені белгілі. Сөздің қадірін елден ерек сезіне алатын өңірде тууы да болашақ ғалымның өмір жолын аңғартқандай.

Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін үздік бітіріп, 1952 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына жұмысқа орналасады. Онда әуелі аспирант, кейін кіші, аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарып, өмірінің соңына дейін 47 жылдан астам осы институтта еңбек еткен. Бір орында ұзақ жыл еңбек етіп, өмірін бір салаға арнауынан-ақ оның тұрақтылығын, арман-мақсатының айкындығын

аңғарамыз.

– 1996 жылы Қарағандыға келіп, бір ай бойы мемлекеттік комиссия төрағасы болды. Мен хатшысы болдым. Өте мәдениетті әрі салмақты кісі. Артық әңгімесі жоқ. Өз ісін өте шебер меңгерген. Көзі ойлы, орта бойлы. Зейіні бөлек, жады өте мықты. Ол кісінің жасаған синонимдер сөздігін әлі пайдаланамыз. Синоним туралы әңгіме қозғалса, алдымен Әсет Болғанбайұлының есімі аталады. Қазақтың сөздік қорының мол екенін үнемі айтатын. Принципілдігі де бар, бірақ әділдікті жаны сүйеді. Студенттерді емтихан кезінде қолдап, батасын беріп отыратын. Бекітілген көлікті аса қажетті қызметкерлерге беріп, өзі жаяу барып келетін жұмысқа. Серуендегенді жаны сүйетін еді. Бір күні «Мәңгілік алау» аллеясында жолықтық. Сонда Олжас Сүлейменовтің қазақ тіл біліміне қосқан сүбелі үлесін таңғала айтқаны әлі есімде. Алматыға ғылыми жұмыспен барғанда да көп қолдау көрсетті. Өмірдің мән-мағынасын ғылымнан, көп мағыналы сөздерден тапқан әстетет жан еді. Орысшаға да жетік. Бір жүрген жерімізде ол кісінің еңбегін айтып жүреміз. «Тіл біліміндегі ірі тұлғалар» жинағына енгіздік. Осы адал еңбегі бағаланып, Мемлекеттік сыйлық берілген. Болғанбаевтың еңбегі әлі зерттеліп болған жоқ. Жан-жақты зерттелгенін қалаймыз, – дейді Қарағанды университеті қазақ тілі білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Бектұрсын Қалиев.

Профессор Ф.Мұсабаевтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер» атты кандидаттық, профессор А.Ысқақовтың кеңесшілігімен «Қазақ тіліндегі синонимдер» атты докторлық диссертациясын қорғаған. Ә.Болғанбайұлының 1970 жылы 22 баспа табақпен жарық көрген «Қазақ тіліндегі синонимдер» атты ғылыми монографиясын отандық және шетелдік ғалымдар «Түркітануға қосылған елеулі үлес» деп танып, жоғары бағалаған.

Қазіргі қазақ қоғамының мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі заманауи бағыттың «Тіл – рухани қазына, тіл – ұлттық құндылық» қағидасын кеңестік заманның өзінде шығармашылық-зерттеушілік қызметіне қазық еткен профессор Ә.Болғанбайұлының соңына қалдырған ғылыми мұрасын танудың мәні ерекше екенін айтқымыз келеді.

Байқасақ, Әсет Болғанбайұлы өзінің сара жолынан қия бастаған. Яғни, сөздің мағынасына өмірін арнап отыр. Бұл екінің бірінің қолынан келмейді. Синонимді зерттеп жүріп, өз өмірінің мағынасын тапты. Тіл білімі оның өміріне айналды. Осылайша, тіл білімінің тарихына есімін алтын әріптермен жазды. Синонимді зерттеуге алғаш қадам басып, осы бағытта кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, ғылымға адалдығын дәлелдеді. Синонимнің жан-жақты зерттелуіне жол ашты, жастарға дұрыс жол сілтей білді. Мағыналы ғұмыр кешті. Сондықтан да, оны «Синонимнің атасы немесе мағыналы ғұмыр иесі» деуге әбден болады.

# Тоқ болса да, түлкі алған

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң жобасында ғылыми ұйымдар жүзеге асыратын қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы ғылыми-зерттеулер жөніндегі норма көзделген. Заң жобасының нормаларын іске асыру үшін 1,4 млрд. теңге қажет болды. Бұл сома 2022 жылғы 18 қазанда Республикалық бюджет комиссиясының отырысында қолдау тапты.

Аталған заң бүгінде сенатқа жолданды. Ит жүгіртіп,

бәрі тазы болмас» деген мәсiл бекер айтылмаған-ды. Көкшетау өңірінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиұлының шаңырағында төрдегі жұкақтың үстінде жатар сарыала тазы кімнің есінде?

Қара жерде қоян алған қоян аяқ құмай тазы ілгеріде таптырмас, жігіттің бағына жолығар серіктерінің бірі. Құлағы шашақ, құйрығының түбі жуан, ұшы күрешекше қайырылған, екі шынтағы екі жаққа шығып, ұшына қыл біт-жасының отырысында қолдау тапты.



ат баптаған сері сынықтары бұған бөркін сапанға атып қуанысып қалды.

Осакаров ауданы Уызбай ауылының тұрғыны Қазбек Әбдірахманов ақсақал құмай тазы өсіру дәстүрімен біршама жыл айналысуда. Оның итері бірнеше жарыстарда жүлделі орындарды иеленген. Ол жаңа шыққан заңнаманың ұлттық танымға қызмет етіп, дәстүрді қайта жаңғыртатынына сенімді.

– Қазақ үшін тазы – әрқашан жеті қазынаның бірі. Ежелден тазы мен төбет құнды жануар саналған. Бүгінде нағыз қазақы құмай тазылар сақталғанын осы заңнамаға сай қайта көбейтсе, аңға аңсары ауған қазақ жігіттері құнына құнды бие берсе де, сатып алып бағып өсіруші еді. Ал, ондай иттерді өсіріп-баптау оның иесіне де, ұрпақтарына да ерекше жауапкершілік жүктейді. Біз отбасымызбен асыраған әр жануарға ұқыпты қараймыз. Қазақтың қазақылығы осы қазынамызда емес пе, – деп атап өтті Қазбек Әбдірахманов.

Расында, көшеде көлденең елді қапқан көп иттің тұқымы түсініксіз. Тегінде қандестің де, дүректің де, неміс итінің де қаны бар шаталардың пайдасынан шатағы басым. Алайда, «битке өкпелеп, тонды отқа тастамайық». «Иттің

болған.

Қазақы иттің қасиеті «қуағаныма жетем» деп өзін тауысады дейді, ал, төбеттер «алысканымды алам» деп таласатын көрінеді. Мұны «Сыртқандар» әңгімесінен білетіміз бар.

XIII ғасырда Қазақ даласының ой-қырын түгел зерттеген жиһанкез Марко Поло өз естелігінде былай дейді:

«Тайыншадай биік денелі иттер түз тағыларын аулауда, күзетте және ауыр жұмыстарда тамаша серік сияқты». Бұл қазақы төбетті көріп қағазға түсіргені көрінеді. Ал, бергін келе этнограф ғалым Жағда Бабалықұлы қазақы төбеттер туралы зерттеме дерегінде былай пайымдама берген: «Жер бетіндегі 116 ит түрі ішінде қазақтың таутөбеті ең ірісі болып табылады. Оның кеудесі, мойны, тұмсығы – жуан, басы, аузы – үлкен, тістері – ірі, езулері салақтап жүреді. Тұмсығы келтелеу болса да жуан болып келеді. Жүні қалың, ұзын қылшықты. Бас жүні бет-аузын жауып тұрады. Құлақтарын да жүн басып алған».

Содан бері біршама жылдың жүзі шайылды. Таутөбет, мантөбет, бәйтөбет деген қазақы төбеттің үш атауы да естен ескерусіз шығып, орнына алабай деген түркіменнің төбеті келді.

Қазақы төбеттің түрі ұқсаса алабай деп тұра таласатындар да бар. Кім білсін, алабайдың да арғы атасы қазақы төбет екенін...

• БҮЛДІРУ – ОҢАЙ...

# Жылы аялдама жолаушыны жылыта ма?

2022 жылы Қарағанды қаласындағы «Шығыс» базары, 45-ші орам және Жана Майқұдыққа орнатылған жылы аялдамалардың әйнектері күл-талқан болыпты.

Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Арқаның қақаған аязы мен ақтүтек боранынан қорғану мақсатында облыс орталығында былтыр 14 жылы аялдама пайдалануға берілген-ді. Бір аялдамаға 25 адам сияды. Алайда, қолайсыз ауа райында жолаушыларды жылытады деген аялдамаға үйсіз-күйсіз жандар қоныстанып алған. Жылы бөлмеге жайғасқандар оның ішін ластап қана қоймай, есіктерінің әйнегін шағып кетіп жатыр. «Әй дейтін әженің, қой дейтін қожаның» жоқтығынан айналдырған екі аптаның ішінде үш аялдама шағылыпты. Жылы деген аты болғанымен, заты жоқ аялдамада қоғамдық көлік күткендер аязға төтеп беруге мәжбүр. «Бүгінді бүлдірген бұзақылар ұсталды ма?», – деп облыстық полиция



басқармасының баспасөз хатшысы Бақытжан Құдиярұова хабарласқанымызда «Аталған факт тіркелді, кінәлі адамды анықтау

жұмысы жүріп жатыр» деген қысқа да нұсқа жауап алдық.

Қоғам мұндай әрекетке әу бастан вандализм деп атау берген. Ол 450-жылдары пайда болған деседі. Түпкі мағынасы – «қиратушы», «сындырушы» дегенді білдіреді. Сол заманнан бері қанша уақыт өтіп, адам санасы едәуір жетілсе де, вандализм өршімесе, өшпеді. Психолог мамандар оны төрт топқа бөледі екен. Оның ішінде арақ ішіп мас болатындар, есірткі қолданатындар, ойын немесе еліктеу мақсатында ойын жүзеге асыратындар. Өзін-өзі көрсеткісі келгендер мен іші ыза мен кекке толылар. Айналаға байыппен қарасақ, қоғамдық орындардағы сынған мүлікте де, қабырғалардағы былапыт сөздерде де осы вандалдардың «қолтаңбасы» жатыр. Бұл қоғамның вандализмнен арылмағанын көрсетеді.

Қала әкімдігінің баспасөз қызметі аялдамалардағы сынған павильондарды мердігер ұйым кепілдік міндеттеме аясында жөндегін жеткізді.

• ДАТ!

## Жаңа кешенді жылыту қиын

Алақандай ауыл халқының қуанышы ұзаққа бармады. Жақында пайдалануға берілген Егіндібұлақ ауылындағы заманауи спорт кешені суық. Жаңа әрі жылы жерде жаттығамын деген жасөспірімдердің көңілі су сепкендей басылды.

Дулат ЖҮНІСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы барып ашқан спорт кешенінің жағдайы осындай. Заманауи жобадан салынып, түрлі спорттық құрал-жабдықтармен жарақтандырылған кешен ішін жылы-

ту мүмкін емес. Алыстағы ауыл халқының сұранысын қанағаттандыру мақсатында салынған спорт кешеніне бас сұғып, салқын екенін көзімізбен көрдік.

– Жылу үздіксіз берілгенімен

ішін жылыта алмай-ақ қойдық. Қазандықтың қуаты бүкіл ғимаратты жылытуға жетпейді. Жұмыскерлеріміз бірінен кейін бірі ауырып ауруханаға түсті. Кешен ішінің салқындығынан балалар жаттығуға келмейтін болды. Төбесінен, айналасынан соққан суық еденді жуған судың өзін қатыруға айналды, – деген уәжін жеткізді кешен басшысы Ермек Әбдіков.

Мәселенің мәнісін аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Талғат Омаровтан білдік.

– Ғимарат сметалық құжатқа сай салынған. Жылыту жүйесі де стандартқа негізделген. Құрылыс жұмыстарын жүргізген мердігер өз қаражатына кешеннің еденін қайта өңдеп шықты. Сонымен қатар, үш жылға дейін ғимараттан шыққан кемшіліктерді реттеп отыруды заңға сәйкес өз мойындарына алып отыр, – дейді.

Айта берсе сылтау көп... Ғимараттың салқын болуына тағы бір себеп – көмір сапасының нашарлығы. Әрі қажетті көмір берілмегендіктен, ауыл басындағы әр мекемеден 1-2 тонналап тасып отырған жайы бар. Қасқағым сәтке ғана «көңілге қуаныш ұялатқан» ғимаратты жылытуға тендер ойнатылып, көмір түскенше көктемге де ілігерміз. Өңірдің жаз шықпайынша жылымайтынның мердігер әу баста ескергені жөн еді.

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Спорт мектебі жөндеуден өтті

Шет ауданы Ақалдыр кентінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі күрделі жөндеуден өтіп, қайта пайдалануға берілді. 1973 жылы салынған спорт нысаны ұзақ уақыт бойы жөнделмеген екен. Жөндеу барысында спортзалы өзгертіліп, қабеті жанартылған.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің мектепте 7-18 жас аралығындағы 700-ден астам оқушы спортпен шұғылданады. Мұнда 10 бөлім жұмыс істейді. Жөндеуден кейін ғимарат жылынып, жайлы бола түсті. Салауатты өмір салтын ұстану, бұқаралық спортты дамыту басты мақсатымыз. Бұл мектептен талай спортшы шығатынына сеніміміз мол, – дейді БЖСМ ди-



ректорының орынбасары Айнұр Шамғұнова.

Айта кетейік, жөндеу жұмыстары өткен жылы басталған. Ішкі әрлеуден басқа, мердігерлер ғима-

раттың сыртын металл қаптамамен қаптаған. Қосымша жылыту радиаторлары мен шамдар орнатылған.

Шет ауданы

• КӘСІПКЕРЛІК

## Жиһаз цехы іске қосылды



Жаңаталап ауылында жыл аяғында жиһаз жасау цехы іске қосылды. Оны жергілікті тұрғын, көпбалалы ана Күнсәуле Рысбай ашты. Күнсәуленің төрт баласының алды 8-сыныпта оқыса, ең кішісі бір жастан жаңа асқан.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Күнсәуле Рысбай өткен жылдың қыркүйек айында «Бастау-бизнес» жобасы шеңберінде оқып, аудан әкімінің 1 225 200 теңге грантын жеңіп алған еді. Осы алған ақшасына цехқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, жұбайымен бірге тағы

да екі адамды жұмысқа алып шаруаны дөңгелетіп әкетті. Қазір олар айына 30-40 жұмсақ диван жасап шығарып, тұтынушыларға жөнелтеді.

Бұқар жырау ауданы

• МЕЙІРІМ

## Жетімді жебеген отбасы

Топар кентіндегі Жұмабек Тәшен атындағы мешіттің бас имамы Мұрсали қажы Қаленұлы мен жұбайы Сәния өткен жылы Қарағанды қаласындағы Балалар үйінен Илияс, Дарига есімді ағалы-қарындасты екі бүлдіршінді асырап алып, бауырына басты. Қазір бірі 7, екіншісі 4 жастағы жеткіншектер бұларды өз әке-шешесіндей көріп, «әке, мама» деп атайды.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерлі-зайыптылар бұл қадамын сауапты іс деп санайды. Олардың өзінде бір ұл, бір қыз бар. Айгерім Алматы қаласында тұрмыста. Одан көрген төрт жиені өсіп келеді. Ал, ұлы Нұрмұхамбет биыл 9-сыныпта оқиды. Құтты шаңырақ иелері енді көпбалалы отбасына айналды.

Бүгінде елуді еңсерген Мұрсалидің өзі де Шет ауданындағы Қайрақты кенішінде көпбалалы үйде туып-өскен. Өмір бойы механизатор болып еңбек еткен марқұм әкесі Қален мен қазір үлкен ұлының қолында тұратын анасы Айткүл 8 бала көріп (екеуі жастай шетінеген), алтауын тәрбиелеп-өсіріп, ел қатарына қосты. Соның бірі Мұрсали орта мектепті бітіріп, әскери борышын өтеп келген соң, алты жыл Жоғары Қайрақты, Жарық, Жәйрем кенттерінде дәнекерлеуші болып жұмыс істеді.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## Ағылшын тілін тегін үйренеді

Балқаш қаласындағы тілдер орталығы мемлекеттік бағдарлама аясында ересектерге ағылшын тілін тегін оқытпақ. Бұл жөнінде орталықтың аудармашы маманы Алина Азия мәлімдеді. Тіл үйрену курсының ұзақтығы үш ай. Оқыту үш кезеңнен тұрады. Тіл үйренемін деушілердің қаңтардан сәуірге дейін, сәуір мен шілде аралығында және қыркүйек пен желтоқсан айларында оқуға мүмкіндігі бар.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



– Биыл бірінші оқу кезеңі 12 қаңтардан басталады. Қазір топтар жаңадан құрылып жатыр. Орталықта қазақ тілі мен ағыл-

шын тілінен сабақ беретін төрт мұғалім бар. Оқыту курстары әртүрлі мамандығына, саласына қатысты топтастырылады.

Шет тілін үйренемін деушілер Қараменде би көшесі 10 мекенжайында орналасқан «Тілдер орталығы» мекемесіне келіп тіркеле алады, – дейді орталықтың маманы Алина Азия.

Айта кетейік, өткен жылы 144 балқаштық ағылшын тілін

үйреніп, біліктілігіне сай сертификат алған.

БАЛҚАШ

• КӘСІБІ – НӘСІБІ

## Әлеуметтік дүкен ашылды

Ақтоғай ауданының орталығынан «Әлихан» әлеуметтік дүкені ашылды. Мұнда өнімдер нарық бағасынан 10-20 пайыз төмен бағадан сатылады. Негізгі мақсат – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және қолжетімді ету.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақтоғай аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Сайлаукең Әубәкіровтің айтуынша, әлеуметтік дүкендердің санын арттыру қолға алынбақшы.

– Жыл сайын кәсіпкерлікті дамыту бағытында игілікті іс-шаралар атқарылу үстінде. Жеке кәсіпкер Құла Бишаеваның бастамасымен ашылған әлеуметтік дүкеннің маңызы жоғары. Мұнда жеміс-жидектер, көкөністер, күнделікті тұтынатын азық-түліктер мен киім-кешек саудалануда. Ең бастысы, ондағы баға базар бағасымен салыстырғанда арзан. Әсіресе, ақтоғай-



лық зейнеткерлер мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға едәуір көмек болады, – дейді Сайлаукең Әубәкіров.

Айта кетейік, алдағы уақытта осы әлеуметтік дүкенде облыстық тұрақтандыру қорынан қамтамасыз етілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарықтық бағадан төмен бағада халыққа сатылатын болады. Қарапайым ха-

лықтың игілігі үшін ашылған дүкенге жергілікті тұрғындар дән риза.

Ақтоғай ауданы

дінтанушы мамандығы бойынша оны сырттай аяқтайды. Кейіннен Түркияның діни оқу орындарында білімін жетілдіреді. 2010 жылы Меккеге барып, мұсылманның бір парызы қажылығын өтеп келеді. Бұдан бөлек, 2002 жылы «Дарын» университетінің тарих-география факультетінде сырттай оқып тамамдаған.

20 жыл Жәйрем кенті мешітінің бас имамы болса, Топар мешітіне бас имам болып бекігені биыл ғана. Содан отбасымен осында көшіп келіп, Сәния жаңа оқу жылынан Көксу орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып орналасты.


Шүкір, екеуі бауырына басқан екі балапанның жағдайы жақсы. Балалық бақытқа бөленген Илияс 2-сыныпта оқыса, Дарига мектептің шағын орталығында.

– Біз бұл екеуін тәрбиелеуге алғанда, қазақ тілін мүлдем білмейтін. Енді Илияс қазақша бірінші сыныпты жақсы аяқтады. Мектепке барар алдында оны сүндетке отырғыздым. Дарига да қазақша таза сөйлейді. Екеуін өз балаларымыздан бір кем көрмейміз, – дейді Мұрсали қажы.

Тату отбасы «Сарыағаш» шипажайында 10 күн демалып, Түркістандағы Қожа Ахмет кесенесіне барып қайтқан.

Ерлі-зайыпты өзгі жандар Балалар үйінен тағы да екі сәбиді асырап алмақ ниетте. «Жетім көрсен жебей жүр» деген тәзсілді ұстанған бұл отбасының ісі – қоғамды ізгілендіруге қосылған қомақты үлес.

Абай ауданы





## • БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

# Меңгерушілерге арналған семинар

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде 11-16 қаңтар аралығында кафедра меңгерушілеріне арналған «Коммуникациялардың ерекшеліктері және білім беру қызметін ұйымдастыру: мәселелері, шешу жолдары, келешегі» тақырыбында семинар өтуде. Аталған шара алғаш рет жетекшінің басқарушылық қүзыретін жетілдіру мақсатында өткізіліп отыр. Семинарда арнайы шақыртылған психолог мамандар дәріс оқып, университеттің кафедра меңгерушілеріне Астана қаласындағы беделді жоғары оқу орындарында тәжірибе алмасуға мүмкіндік берілді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара барысында NLP коммуникацияларының тиімділігіне, заманауи психотехнологиялар арқылы коммуникацияларды басқаруға, психологиялық интерактивке қатысты мәселелер қамтылды. Жиында Қарағанды қаласының іскер әйелдері қауымдастығының мүшесі, кәсіпкер, NLP Academy kz негізін қалаушы, сертификатталған НЛП-шебер Жанар Қайырбек, сертификатталған NLP-тәжірибеші, NLP-шебер, NLP academy KZ негізін қалаушылардың бірі Меруерт Рақышева дәріс оқыды.

– Университет басшылығының шақыруымен алғаш рет жоғары оқу орындарында осындай семинар өткізудеміз. NLP (Нейролингвистическое программирование) академиясында түрлі тренингтер өткізіліп

тұрады. Кафедра меңгерушілеріне арналған семинар өз нәтижесін берді деген сенімдеміз. Теория және практика жүзінде өтеді. Жалпы, ЖОО-да студенттер мен оқытушылардың, ата-аналардың арасында түрлі жағдайлар орын алуы мүмкін. Әр адам өз эмоциясын басқарып үйренсе, қоғамда жетістік көбейіп, наразылық аз болады.

Адам дүниеге келгенде бойында барлық ресурс болады. Жағымсыз жайттардан адамның біртіндеп өз-өзіне сенімділігі, қабілеті, энергиясы жоғалады. НЛП соның бәрін қайтадан қалпына келтіруге көмектеседі. Жақсы нәтижеге қол жеткізуге жол ашады.

Қоғамда түрлі мәселелер бар. Біз соның алдын алуға мүмкіндік жасаймыз, – деді NLP Academy kz

негізін қалаушы Жанар Қайырбек.

Іс-шара барысында қазіргі күннің өзекті тақырыптары талқыланды. Семинарда Microsoft Office 365, Платонус, Documentolog-пен жұмыс істеудің негізгі дағдылары, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыруға қойылатын нормативтік талаптар, ЖОО-да оқыту сапасын бағалау жөніндегі комиссияның қызметі, университетте этикалық құндылықтарды белсендіру факторы ретінде академиялық адалдық, қысқы емтихан сессиясының қорытындысы, педагогика факультетінің университеттегі әріптестерімен ынтымақтастық тәжірибесі, міндеттері мен перспективалары туралы мәселелер қамтылды.

– Семинар университетте қызмет ететін кафедра меңгерушілерінің біліктілігін арттыруға, академиялық мәселелерге байланысты оқу процесінде әртүрлі әдістерді қолдануға, білім беру процесінде кезігетін мәселелерді оңтайлы шешуге бағытталды. Бұл жиын университеттегі кафедра меңгерушілеріне арналды. Білім саласындағы өзгерістерді білу, үйрену, жұмыс барысына енгізу үшін де осындай семинарларды жиі өткіземіз. Әрбір басшы бір-бір кафедраны басқарып отырғаннан кейін, әртүрлі контингент, әртүрлі



студент және ата-ана бар. Олардың әрқайсысымен тіл табыса білу – оқу процесінің бір бөлігі. Сондықтан, біз осындай семинарды өткізуді қолға алдық. Университеттегі кафедра басшылары ротациялаудан өтіп, екі жылдың ішінде барлық кафедра меңгерушілері ауысты, – деді Бөкетов университетінің академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі – проректор Талғат Жүсіпбек.

Талғат Зыпарбекұлының айтуынша, мұндай шара болашақта да жалғасады, дегенмен басқа форматта өткізілуі мүмкін. «Алдағы уақытта шараны біліктілікті арттыру курстары, форум ретінде өткізіп, жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы кафедра-ларға мазмұнға сай тақырыптарды бөліп қарастырамыз», – деді ол.

Семинар 16 қаңтарға дейін жалғасады. 13 қаңтарда қатысушылар тәжірибе алмасу және басқа оқу орындарында теорияның практика жүзінде қалай іске асып жатқанын көру мақсатында Астана қаласындағы Назарбаев университетіне және Қазақ гуманитарлық заң университетіне барды.

16 қаңтарда семинар қорытындыланып, қатысушыларға сертификат берілді.

## • ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

## Мерейлі күнгі марапат

Ұлттық ұланның Қарағанды облысында орналасқан 6505, 5451, 5516 әскери бөлімдерінің аумағында Ұлттық ұлан құрамаларының құрылғанына 31 жыл толуына орай салтанатты іс-шара өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Оған бөлім ардагерлері, қала әкімдігінің өкілдері, ел ертеңі үшін бірлесіп жұмыс атқарып келе жатқан ұйымдардың жауапты мамандары шақырылды.

Жеке құрам жиналған арнайы іс-шара Мемлекеттік Әнұранмен басталды. Жиында әскери қызмет алғылары ПМ орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-майор Еркін Ботакановтың, Ұлттық

ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сәкенбай Шекербековтің және бөлім командирлерінің құқығымен әскерилер Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Мадақтау бұйрығынан кейін, әскерилер назарына бөлімдер мен қала көркемөнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылды.

## • ҚЫЛМЫС

## Төбелес соңы өліммен аяқталды

Қарағанды облысының кәсіпкерлеріне қатысты істері жөніндегі мамандандырылған сотта алдын ала сөз байласу бойынша мамандар мен Г. есімді азаматтың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіріп, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соқтырғаны үшін айыпталған алты жасөспірімге қатысты қылмыстық іс қаралды.

Сотта анықталғандай, 2020 жылдың 30 мамырында сотталушылардың әрқайсысы өздерінің қатарластарынан кешірім сұрауды талап етіп, тағы бір жасөспірімді соққыға жыққан. Оның жасынан бірнеше рет ұрып-соққан. Жәбірленуші олардан кешірім сұрап, ұрып-соғуды тоқтатуын өтінігіне қарамастан, сотталушылар әлі қарай соққыны жалғастырған. Алған дене жаракаттарының салдарынан жәбірленуші қайтыс болған.

Сотталушылардың кінәсі қылмыс

стық іс материалдарымен, яғни оқиға болған жерді қарау, айғақтарды оқиға орнында тексеру хаттамаларымен, беттестірулер, куәлардың, сарапшының айғақтары, заттай дәлелдемелер, бейнежазба, сот-бейнефонографиялық, сот-медициналық сараптама қорытындыларымен дәлелденді.

Сот анықталған мән-жайларды негізге ала отырып, ҚР ҚК-нің 63-бабын («Шартты түрде соттау») қолдануға негіз жоқ деп, сотталушыларға іс жүзінде бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау қажет деген тұжырымға келген. Сотталушыларға Қылмыстық кодекстің 106-бабы 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтеумен 6 жыл 8 ай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сотталғандардан жәбірленуші тараптың пайдасына 10 млн. теңге моральдық шығын өндірілді. Үкім заңды күшіне енген жоқ.

Өз тілішімізден

## • САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

## Интернет алаяқтық өршіп тұр

Соңғы уақытта ұялы телефонға қоңырау соғу арқылы немесе интернеттің көмегімен алаяқтық жасау фактілері жиілеп кетті. Жыл басынан бері алақандай Балқаштың өзінде интернет алаяқтықтың үш дерегі тіркелген. Бірі – онлайн-біржалардағы сауда-саттық арқылы қолма-қол ақшаны жылжыту болса, екі факт кәдімгі «OLX» қосымшасы мен Instagram желісі арқылы жүзеге асқан.

Қазір адам баласы тұтас телефонға байланған. Жеке бас құжатыңыздан бастап есепшоттарыңыз туралы деректер де қолыңыздағы телефонда сайрап тұр. Қандай да бір онлайн рәсімге келісім беру үшін (несие рәсімде, өзге қаражат аудару, т.б.) бір ғана смс-хабарламаны растау жеткілікті. Құзырлы органдардың азаматтарды



бөгде адамға ақпарат беруден сақ болуға шақырып, дабыл қағатыны да сондықтан.

Алаяқтардан айла асқан ба? Олар ұрлық-қарлықтың, алдап-арбаудың айла-тәсілдерін мейлінше өзгертіп отырады. Жуырда тіркелген интернет алаяқтық фактісінің бірінен мысал келтірейік. Жеке тұлға «OLX» арқылы тауарын

сатпақ болған. Оған сатып алушы ретінде алаяқтар хабарласады. Тауарды сатып алатынын айтып, «бірден ақшаны аударып жібереміз» деп әлгі адамнан есепшоттарын сұраған. Және қажетті деректерді қолына алған соң ақша аударымын растау үшін смс-хабарламамен келетін кодты да айтуын өтінген. Сөйтіп, аңқау адамның

атынан несие рәсімдеп жіберген. Қалалық полиция бөлімінің дерегінше, өткен жылы интернет алаяқтық бойынша 149 факт тіркелген. Оның басым бөлігі (56 факт) интернеттегі сауда-саттыққа тиесілі. Сондай-ақ, 35 дерек бөгде адамның өзін банктердің қауіпсіздігін қорғау қызметінің өкілі ретінде таныстыруы арқылы жүргізілген.

Мамандар, азаматтардың жылдам баюға, тегін олжаға кенелуге әуестігі де сан соқтыратынын айтады. Расымен, бүгінде интернеттегі қызылды-жасылды жарнамадан көз сүрінеді. Тіптен, телефоныңызға хабарласып, түрлі жеңілдіктер ұсынатын «жанашырлар» да көп. Осындайда «таяқтың екі ұшы барын» ойлап, бір сәт өзіңізді тежей білген де дұрыс сынғайлы.

Қуаныш АМАНҚҰЛОВ

БАЛҚАШ

## • БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Тәжірибелі маман тренингі

Қай қоғамда да жеке тұлғаның қалыптасуына мұғалім әсер етеді. Өздігінен білім алуға талпынатын, жан-жақты ізденімпаз, алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаздың міндеті. Сондықтан да, әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін шыңдау қажет.

Жаңартылған бағдарлама негізінде мұғалімдерде жаңаша көзқарас қалыптасуда.

Бұқар жырау ауданына қарасты Ақжар негізгі орта мектебінде директордың міндетін атқарушы Р.Акимов, жаратылыстану пәні бірлестік жетекшісі Ж.Омарбекова және биология пәні мұғалімі Г.Мусина «Білім беру үдерісі субьектілерінің мотивациялық саласын дамыту арқылы негізгі құзыреттілікті қалыптастыру» тақырыбында коучинг өткізді. Алдымен мектеп психологі Назгул Жабай психологиялық



тренинг ұйымдастырды. К.Ушинскийдің «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» дегенін негізге ала отырып, психологиялық ахуалдың сабақ тиімділігіне қаншалықты әсер ететінін түсіндірді. Сондай-ақ, әр

түрлі жаттығулар, әдіс-тәсілдерді көрсетті. Ж.Омарбекованың айтуынша, жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларға мотивация беру және білім сапасын арттыру.

Өркеніет өзегі – білім, ғылым,

тәрбие десек, ұстаз оған үлес қосушы, шакірт жанының бағбаны. Мұғалім сыныпқа баға қою үшін емес, балаларды шабыттандыру, ынталандыру үшін кіруі керек. Мектептегі білім сапасын арттырудың тәсілі – оқыту процесіне жана технологияларды кенінен енгізу. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін көрсетеді. Коучингте көрсетілген сабақ үйретудің жана әдіс-тәсілдері әр мұғалімге көмекші құрал болары анық. Мұғалімнің шеберлігі, дұрыс мақсат қоюы, нәтижелі білім беруге бағытталған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануы – оқушылардың эмоциялық тұрғыда ашық болуына, танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыруға әсер етеді. Мұғалім дикан сияқты, әр бала бойына дән себуші, күн секілді сәуле таратушы.

Гүлнұр ЖАШПАРОВА,  
Ақжар негізгі орта мектебінің  
қазақ тілі пәні мұғалімі

Бұқар жырау ауданы

**Жаңалықтан құр қалмаңыз!**

«ОРТАЛЫҚТЫ»  
САЙТТАН ДА  
ОҚЫҢЫЗ

www.ortalyq.kz

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдеткілер үшін  
• тракторлар және ауылшаруашылық техникалары үшін  
• арнайы техникалары үшін

ЕЗ АРАҢ ШИНАЛАР  
САТПАЙМЫЗ,  
ЕЗ АРАҢДА БАҒА  
САТАМЫЗ

Қарағанды қ.,қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• ӘҢГІМЕ-СҰХБАТ

# Кітап және жетістік

Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Тұлға» жобасы аясында «Жетістікке жеткен адамдардың өміріндегі кітаптың алатын орны қандай?» тақырыбында кітапхана жанындағы «БОТА» жастардың интеллектуалды орталығының экс-жетекшісі, Астана радиосының дикторы, спорт комментатор Еламан Әмірғазымен әңгіме-сұхбат тікелей эфирі өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Алаш арысы Міржақып Дулатұлының: «...Әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес», – деген ұлағатты сөзі бар. Біз бұдан қазақтың қаншама ғасыр бойы түрлі теперіш пен зобалаң көрсе де, ұлттық болмысы мен рухын жоғалтпауының негізі құнарлы әдебиетінде жатқанын түсінеміз.

Әдебиеттің бар асылы – кітапта. Бір кездері ел жаппай кітап оқитын кезеңдер болған. Ақын-жазушылардың бірнеше мыңдаған тиражбен жарық көрген шығармалары әп-сәтте тарап, оқырман қолында жүрді. Қазір осы қасиетіміз сақталып қалды ма, нақты айта алмаймыз. Өйткені қоғам, уақыт өзгерді. Құндылықтар алмасты. Алайда, кітаптың орны, қадір-қасиеті бөлек. Кітапты пір тұтқан ұлт алға шығып, өркениет даңғылында көш бастады.

Шара барысында Еламан Әмірғазы оқырмандарға өз шығармашылығы жайлы әңгімелеп, онда кітаптың алар орнына, пайдасына тоқталды. Қайта айналып келмес студенттік шағы, «БОТА» орталығында өткізген қызықты естеліктерімен бөлісті. Сонымен бірге, «Сіздің өміріңізге ерекше әсер еткен қандай кітап? Оқыған шығармаларыңыздан есіңізде қалған кейіпкер, қанатты сөз немесе оқиға бар ма? Оқырманға қандай кітап оқуға кеңес берер едіңіз?» деген сұрақтарға ақтарыла жауап берді. Эпостық жырларды, жыраулар поэзиясын, тарихи романдарды сүйіп оқитынын жеткізді. Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали, Жүмекен, Төлеген, Фариза, Есенғали сынды поэзия алыптарының жырын жатқа оқитынын айтты.

• КЕЗДЕСУ

# Ақындықтың алғышартымен танысты

Қарағандыдағы әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияда оқушылар ақындармен кездесті. «Жыр тамшысы» деп аталған кездесу сұхбат форматында өтті.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараның басты мақсаты – оқушыларға жазба поэзия мен айтыс өнерінің айырмашылығын түсіндіру, үйрету, көрсету. Осынау аталмыш шараға ақын Жәлел Қуандықұлы, айтыскер ақын Дидар Камиев, Нұрмұхаммед Байсүгіров шақырылды.

Кештің шымылдығы өнерпаз ақындардың өмір жолы мен шығармашылығын таныстырумен ашылды. Басқосу барысында ақындардың поэзиясы, айтысы туралы пікірлер айтылып, жыр сүйер жастар олардың өлеңдерін мә-

• ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Нұржанат Қанапия

• ЕРЕЖЕСІЗ ЖЕКПЕ-ЖЕК

# Түркістаннан жүлделі оралды

ALASH PRIDE командасы самбодан өткен спорт байқауында үздіктер қатарынан көрінді. Ережесіз жекпе-жек клубының жастары Түркістан облысында өткен халықаралық турнирде бақ сынасып, I орын иеленді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Мыңдаған көрермен тамашалаған айтулы жарыста жойқын соққылар, тұншықтыру сынды сан түрлі әбжіл айла-тәсілге толы жекпе-жекте әлем спортшылары барын салды. Бәсекеге Қазақстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Ресей командалары қатысты. Кәсіпқой

лига сапында «Вайнах» жекпе-жек клубының өкілі, жерлесіміз Эльдар Нұрмамедов жеңіл салмақта 61 келілік өзбекстандық Доннер Хизриевті бірінші раундтың екінші минутында қылқындыру әдісімен жеңген. – Турнир – тәжірибе алмасуға таптырмас мүмкіндік. Спортшылар

да тастүйін дайындалыпты. Өр елдің кіл мықтылары жиналған. Қарсыласым – өте тәжірибелі, көңігі спортшы. Әлбетте, осы арада бапкерлерім Алгериев Руслан, Кайымов Саид пен Логин Александрға алғаусыз алғысымды білдіргім келеді, – дейді жүлдегер.

• ФУТЗАЛ

# Қарсылас шақ келтірмеді

Қарағандыда футболдан «Аманат Арена» СК-да 2009 жылғы ұлдар арасында Қазақстан Республикасының IV чемпионаты өтті. Чемпионатқа қарағандылық «Жастар-1» командасы қатысып, чемпион атанды.

Жарысқа барлық облыстан 16 команда қатысты. Өңір намысын қорғаған облыстық «Жастар» олимпиадалық резервтегі мектебінің «Жастар-1» командасы қарсыластарын жолда қалдырып, топ жарды. Командасын жеңіске жеткізген бапкері, жаттықтырушы – Олег Митяев. Оның жетекшілігімен команда бұған дейін республикалық біріншілікте чемпион болып, күміс жүлдеге де ие болған. Бұл дода қорытындысы бойынша II орынды павлодарлық «Бірлік», III орынды – елордалық «Астана» командасы иеленді.



• ФУТБОЛ

# Дайындық – қызу



Қарағандылық «Шахтер» клубы үшін өткен маусым сәтсіз аяқталды. 32 ұпаймен VII орынға табан тіреді. Енді 2022-2023 жылғы маусым басталуға аз қалды. Жерлестер Қарағандыда маусымалды дайындық мақсатында оқу-жаттығу жиынын бастап кетті.

Оқу-жаттығу жиындары «Шахтер» футбол клубының бас бапкері қызметін атқарушы Игорь Солошенконың баптауымен өтуде. Алғашқы жиынға 25 жергілікті тәрбиеленуші шақырылған. Ал, 20 қаңтарда команда кезекті оқу-жаттығу жиынын өткізу үшін Түркияға жол жүреді.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

# Жаңа спорт мектебі ашылды

Қарағанды қаласының әкімінің мен білім бөлімінің қолдауымен Әлихан Бөкейхан ауданы, Сұрыптау кентінде балаларға арналған ұлттық жекпе-жек спорт мектебі ашылды. Онда бір мезгілде 200-ге жуық спортшы жаттыға алады.

Бүгінде өңірде ұлттық жекпе-жек спорт түрі белсенді дамып келеді. Қазіргі таңда аталмыш спорт түрі бойынша облыс намысын қорғап жүрген жерлестеріміз республикалық турнирлерде топ жарып жүр. Сұрыптау кентінің өзінде осы спорт түріне әуес жастардың қатары көп.

– Балалардың спортқа деген ынтасы жоғары. Ата-аналар да оларды үнемі қолдайды. Жаттықтырушылар да жеткілікті. Сондықтан, Сұрыптау кентінен осындай спорт мектебін ашуды жөн көрдік. Ауданның балаларын бір орталыққа жинадық, – деді Қарағанды облысы бойынша жекпе-жек федерациясының президенті Әділет Нұрмәдиев.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

нерлеп оқып, көкейлерінде жүрген сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Айтыс өнерінің ерекшелігі – суырыпсалмалықта. Осы бір ойды дәлелдеу мақсатында Дидар өз шәкірті Нұрмұхаммедпен айтысса, жазба ақындар поэзиядан тарту тартып, көпшіліктің көңіл пернесін дөп баса білді.

Дидар ақынның домбыраның қоңыр үніне қосып шыраққан «Аялдама» әні барша көрерменнің қошеметіне ие болды.

Құстың қос қанатындай болған поэзия мен айтыстың үйлесімділігі хақында оқушылар біршама мағлұматқа құлағдар болды.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті  
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqda Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –  
Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Н.С. ДУТБАЙ  
Интернет-редакция редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерскы: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура, Оскаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJKBZKХ БИН 000840001412  
Таралымы 5 602  
№5 тапсырсы. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.  
Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ